

Ертіс ауданы Қарақұдық ауылдық округінің Ынтымақ ауылында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ертіс ауданы Қарақұдық селолық округі әкімінің 2017 жылғы 1 тамыздағы № 1 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 29 тамызда № 5614 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс ауданы Қарақұдық ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 22 ақпандағы № 3 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс ауданы Қарақұдық ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушының 22.02.2018 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңы 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қарақұдық ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ертіс ауданы Қарақұдық ауылдық округінің Ынтымақ ауылында ірі қара малдың бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарақұдық ауылдық округінің әкімі
"КЕЛІСІЛДІ"

Е. Нукенов

Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігі
Ветеринариялық бақылау және
қадағалау комитетінің Ертіс аудандық
аумақтық инспекциясының басшысы
2017 жылғы "1" тамыз

Е. Каримжанов